

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ**

2019 жылғы 25 маусымындағы

**ҚАУЛЫСЫ**

**1. Абай атындағы ҚазҰПУ МАК төрағаларының есебін тыңдай және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Абай атындағы ҚазҰПУ МАК төрағаларының есебі - <i>назарға алынсын.</i>		
2	МАК төрағаларының есебінде айтылған ұсыныстарды саралап, 2019/2020 оқу үдерісіне ендіру жұмыстары жүргізілсін.	Бірінші проректор <i>М.А.Бектемесов</i> Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т.Құлсариева</i>	

**2. Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаевтың «2018/2019 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы» туралы есебін тыңдап, талқылай келе ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаевтың «2018/2019 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы» тақырыбындағы ақпараты - <i>назарға алынсын.</i>		
2	Көктемгі сессия қорытындысы негізінде сапаны бағалауға және білімді жақсарту жұмыстарына қажетті ұсыныстар дайындау мақсатында жұмыс тобы құрылсын.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i>	1.07.2019
3	Емтихан кезеңінде жазбаша жұмыстарды тексеретін профессор-оқытушы құрамына төлемақы ендіру туралы ұсыныс дайындап, 2019/2020 оқу жылынан жүзеге асырылсын.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> Қаржы-экономикалық департаменті, бас бухгалтер <i>Т.С.Сапарбаева</i> Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i>	30.08.2019
4	Сессия нәтижелерін кафедра отырысында және институт Кеңесінің кеңейтілген отырысында талқылау жүктелсін.	<i>Институт директорлары</i> <i>Кафедра меңгерушілері</i>	01.07.2019
4.1	Көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы бойынша емтихан сессиясының ережелерін бұзған білім алушыларға қолданылған шаралар туралы есеп беру – жүктелсін.		
5	«Академиялық адалдық» Кодексінің ережелерін сақтау бойынша білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін.	<i>Институт директорлары</i> <i>Директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары</i> <i>Кафедра меңгерушілері</i>	<i>үнемі</i>
6	Осы шешімнің орындалуын қадағалау оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаевқа <i>жүктелсін</i>		

**3. Түлектер қауымдастығы орталығының атқарушы директоры Б.Б.Нұрбатыровтың «Абай атындағы ҚазҰПУ Түлектер қауымдастығының жұмысы туралы» есебін тыңдап, талқылай келе ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Абай атындағы ҚазҰПУ Түлектер қауымдастығының жұмысы - <i>қанағаттанарлық</i> деп танылсын;		
2	Түлектер қауымдастығының жұмысын дамыту мақсатында	Түлектер қауымдастығы орталығының атқарушы директоры	

шетелдік жоғары оқу орындарының және еліміздегі беделді жоғары оқу орындарының тәжірибесіне зерттеу жасап, университетіміздің түлектер қауымдастығының жоспары нақтылансын.	<b>Б.Б.Нұрбатыров</b>	
---	-----------------------	--

4. Оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Т.А.Умирбекованың «2019/2020 оқу жылына арналған барлық деңгей бойынша 1-жылдық жұмыс оқу жоспарын бекіту туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	2019/2020 оқу жылына арналған барлық деңгей бойынша 1 жылдық жұмыс оқу жоспарлары	бекітілсін.	

5. Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаменті директорының орынбасары **Т.Ж.Тасболатовтың** «Университет кафедра меңгерушілері және институт директорлары қызметтерін бағалау жұмысының нәтижелері туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаменті директорының орынбасары <b>Т.Ж.Тасболатовтың</b> «Университет кафедра меңгерушілері және институт директорлары қызметтерін бағалау жұмысының нәтижелері туралы» ақпараты – <i>назарға алынсын.</i>		
2	2019/2020 оқу жылына кафедралар мен институттар рейтингісіне арналған жаңа индикаторлар жүйесі туралы ұсыныс дайындалсын.	Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаменті директорының орынбасары <b>Т.Ж.Тасболатов</b>	<b>01.09.2019</b>
3	Институт кеңестерінде және кафедра мәжілістерінде рейтинг нәтижелері талқылансын, 2019/2020 оқу жылында олардың жұмысын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленсін	<b>Институт директорлары</b> <b>Кафедра меңгерушілері</b>	<b>30.08.2019</b>

6. Ғылыми кеңес мәжілісінде қабылданған қаулылар мезгілінде орындалып, растайтын құжаттары өткізілді. Бас ғалым хатшы **Ж.А.Сейсенбаеваның** «2018/2019 оқу жылындағы Ғылыми кеңес қаулыларының орындалуы туралы» есебін тыңдай отырып, **Ғылыми кеңес ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Бас ғалым хатшы <b>Ж.А.Сейсенбаеваның</b> «2018/2019 оқу жылындағы Ғылыми кеңес қаулыларының орындалуы туралы» есебі – <i>назарға алынсын.</i>		
2	2018/2019 оқу жылында қабылданған Ғылыми кеңес шешімдерін орындамаған жауапты тұлғаларға шара қолдану ұсынылсын.	Бірінші проректор <b>М.А.Бектемесов</b> Оқу ісі жөніндегі проректор <b>А.А.Сатмырзаев</b>	<b>30.06.2019</b>

7. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор **М. Бектемесовқа** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы

*Сейсенбаев*

*Т. Балықбаев*

**Т. Балықбаев**

**Ж. Сейсенбаева**

